

Gymnasium news




ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92(2) СӘУІР – МАМЫР



МЕРЕКЕЛІК АТАҰЛЫ КҮНДЕР ҚУТТЫ БОЛСЫН!

БҰЛ
ШЫҒАРЫЛЫМДА:

Ұлы Жеңістің
74 жылдығы, ҚР
Қарулы күштерінің
27 жылдығына
арналған

Кітапхана
тынысы

Дүниежүзілік
денсаулық күні

Мен жастарға
сенемін!

Жүректен шыққан
сөз «Қарағанды
қаласына 85 жыл»

Балғын бояу
шеберлері

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 365 мүшесі, 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтамасыз етіп келеді. Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Осының бәрі Елбасының қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясын дұрыс тандап, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерін жасай білуінің арқасында мүмкін болуда. Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды тұтқа болып табылатын Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық ұйым.

Біздің отандастарымыз үшін бұл мереке - батырлық пен табандылық,

отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Келешек ұрпағымызға дейін Отан қорғаушылардың қаһарман ерліктері ұмытылмайды. Қай дәуірде болмасын, Отан қорғау әр Қазақстан азаматының қасиетті борышы болып келеді. Қазақстан әскерлері қатарында қызмет атқарып жүрген барлық азаматтарды, Ұлы Отан соғысы ардагерлерін, жауынгер – интернационалисттерді, кез келген уақытта Отан қорғауға даяр азаматтарымызды осы мерекемен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге тілейтініміз — дендеріңізге саулық, бастарыңызға бақыт, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс, елімізге бейбітшілік пен болашаққа деген сенімділік! Мерекелеріңіз құтты болсын! Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 74 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін



қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.



Ұлы Жеңістің 74жылдығы, ҚР Қарулы күштерінің 27 жылдығына арналған



Ұлы Жеңістің 74 жылдығына, Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің 27 жылдығына арналған гимназиямызда 5-11 сыныптар арасында «Саптық ән» байқауы ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы — алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Ақыжанов Айбол Шаймуратович. Іс-шараның мақсаты - қазақстандық патриотизм және азаматтық сана-сезімге тәрбиелеу, жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа баулу, қазақстандық жасуынгердің келбетін қалыптастыру болып табылады.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерді жеңістерімен құттықтаймыз!

I ОРЫН: 5 «Б», 7 «Ә», 8 «А», 10 «А»; **II ОРЫН:** 6 «А», 5 «А», 8 «Ә»;

III ОРЫН: 7 «Б», 5 «Ә», 8 «Б».

Барлық қатысушыларға сәттілік пен бейбіт өмір тілейміз!




КІТАПХАНА ТҮНYSY



Кітапхана — дүниеде ештеңеге теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп-өркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап — білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор. Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Кітап – адам өмірінде маңызды роль атқарады. Ол елді, жерді сүйеге талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл — кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап біздің рухани жан азығымыз. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтанш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт — дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдандуына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады. Гимназия кітапханасында «BOOKSTART» жоба аясындағы өтіп жатқан іс-шаралар қуантуда. Соның бірі сәуір айында өткен «Оқу пойызы» Оқушылардың кітап оқуына уақыттың табылуы, себебі 20 минут кітап оқып, 10 минут эссе жазылды. Ерекше форма түрінде өткені өту барысында байқалды, жиын залының темір жол вокзалына айналуы, жолсеріктерінің жол билеттерінің таратуы, диктордың хабарлама жасап отырғаны, пойыз вагондарында қарама-қарсы отырғызғандары, пойыздың жүру, тоқтау дыбыстары. 20 минут кітап оқып, оқығанымызды 10 минут эссе барысында көрсете отырып кітапқа деген қызығушылықтарымыз одан аса арта бастады. Өзімнің сүйіп оқитын кітабымның бірі - Б.Сокпақпаевтың «Менің атым Қожа». Осы шараға қуана осы кітабымды ұстап бардым. Іс-шара аяқталған соң достарымның оқыған кітаптарымен бөлістік. Осындай шараны ұйымдастырған кітапханашы апайларымызға рахмет айтамын.

6«Б» сынып оқушысы Абдақұл Ақерке



7 сәуір –Дүниежүзілік денсаулық күні жыл сайын бүкіл әлемде аталып өтеді. Барша халықты салауатты өмір салты мен денсаулықты жақсартуға шақыратын денсаулық күнінің тарихына келсек, бұл күнді атап өту 1948 жылдың 7 сәуірінен басталған. Жер бетіндегі барша ұлт пен ұлысқа ортақ бұл күн өз елімізде тәуелсіздік алған жылдан бері аталып келеді. Аталған күнді көктемнің дәл осы күні атап өту бекерден-бекер емес, себебі сәуір көктемнің ортасы болса, бұл табиғаттың жаңғыру кезеңі. Арнайы осы күні гимназиямыздың дене тәрбиесі пәні мұғалімдері 5-7 сыныптар арасында сыныптық жарыстар ұйымдастырды, жеңімпаздар анықталды. Балалар арасында достық пен ытымақтастық арта түсті.





MEN JASTARǴA SENEMIN!

ТУҒАН ЖЕРДІҢ АУАСЫ ДА ШИПА!



Әр адам туған жерін – қасиетті құтты қонысым дейді. Туған жерімнің құшағы анамның мәпелегендей болады. Туған жерімнің тау, тасы мен орман, тоғайы, өзен көлі жаныңа бір рахат сезім береді, Туған жерім жанымға тыныштық сыйлап көңілімді көтереді. Туған жер төсінен жырақта жүрсең сағынып келіп, құшағына енсең еркелетіп, баурына басады. Қ. Аманжолов атамыз айтқандай «Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?» - дегендей сағынышың таусылмайды. «Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!» - демеске еш шараң қалмайтыны анық. **4 «Б» сынып Суянгарина Адия**

ПИСЬМО ДРУГУ



Здравствуй, Амир. Вот, как и обещал, пишу тебе письмо. Как ты поживаешь? Как учеба, что нового и интересного происходит в новой школе? Ты уже наверное познакомился со всеми ребятами и обзавелся новыми друзьями. Я записался на плавание, хожу в неделю два раза на тренировки. Ты ж умеешь плавать, теперь когда ты приедешь ко мне в гости вместе будем ходить в Аквопарк. Недавно встретил Санжара, он передавал тебе привет. Надеюсь твоего папу снова отправят в наш город работать и мы встретимся. Буду ждать нашу встречу. Мне так много нужно тебе рассказать, чего не напишешь в письме и не скажешь по телефону. Буду ждать нашей встречи. Обязательно напиши мне. Жду ответа.
Твой друг Елеуов Исмет. ученик 3 Ә кл, пән мұғалімі А.Ж. БЕЙСЕНБЕКОВА

ДОС - АДАМНЫҢ ЖАНЫНЫҢ АЙНАСЫ



Дос-адам жанының айнасы тәрізді. Менің ойымша, достың орны бөлек, қасында қиналғанда сырынды айтып, ал қуанғанда қуанышынды бірге бөлісетін жақын досыңның болғанына не жетсін, шіркін! Қазіргі заманда шынайы дос табу өте қиын. Адам баласынан досыңның қандай болғанын қалайтынын сұрасаң, талап-тілектерін тізіп сала береді. Алайда дәл осы талаптарға өзі жауап бере ме? Дәл өзі ондай мінсіз, адал досқа лайық па? Өкінішті сол, оны ойлай бермейді. Досыңа талап қоярдан бұрын, ең алдымен өзіңніңқандай дос бола алатыныңды ойлау керек. Досқа қояр талаптарды алдымен өзіне қоя білген адам өзі де біреуге шынайы дос бола алмақ. Адамдардың арасындағы қарым-қатынасты іргетасын-адалдық. Өзің адал болмай, өзгеден адалдықты күту бекершілік. Достықта да адалдық болмаса, олмаңгілікке ұласа алмайды. «Жаңа екі достан, ескі бір дос артық» деген жақсы сөз бар. Достық барлық адамға қажет. Тіпті, жалғыздықты ұнататын жандарға да. Кішкене бүлдіршіннен бастап, еңкейген қарияға да, бай-бағландар мен тақыр кедейлерге де дос керек. Бұл тізімді ұзақ-сонар жалғасты-ра беруге болады. Достық ортақ қызығушылық, түсінісу, сенім сынды қасиеттер негізінде құралады. Әңгімесі таусылған адамдар дұрыс қарым-қатынас құра алмайтындары анық. Уақыт өте келе адамдар жан-дүниесіндегінің барлығын шығарып, сырлас іздейді. Мұндай сәттерде достардың болмағаны өте жаман. Оның үстіне тек жақын достарына ғана айта алатын сырларың болады. Ең бастысы, осы сырды досың өзгелерге айтпайды. Жадында құнды қазынадай сақтап қояды. Менің ең жақын құрбым бар. Оның есімі – Шакира. Екеуіміз балабақшадан доспыз. «Дос тұтқанды қадірле» демекші мен өз досымды бағалаймын, екеуіміздің достығымды мақтан тұтамын. Менің досым – оқу озаты, мектепте үлгілі оқушы. Сыныптастарға, достарға көмекке келіп, қол ұшын беруге әрқашанда дайын тұрады. Мінезі сабырлы, байсалды, бәрін ақылмен шешуге тырысады, ашуға жол бермейді. Бірақ бір ренжісе, қатты ренжиді. Сондықтан мен оның көңілін қалдырмауға тырысамын. Үйінде бауырлдарына қамқор, ата-анасына көмекші. Өмірде осындай досым барды мен бақыттымын. Достығымыз мәңгілі болсын! Біз Шакира екеуіміз, Шын достыққа бекембіз, Қиындыққа төземіз,Адал доспыз екеуіміз. **4 «Б» сынып Ордабаева Амина**

«Кто твой лучший друг»



Однажды у меня спросили если у тебя лучший друг и кто он ? Да, у меня есть лучший друг. Его зовут Исмет. Я считаю его самым хорошим другом из всех моих друзей. Вы спросите почему? Наверное потому что мы дружим с ним давно. Он всегда приходит на помощь, поддерживает когда нужна помощь. Мне интересно проводить с ним время. Мы учимся в одном классе, поэтому все время проводим практически вместе: ходим на тренировки даже стараемся встречаться на каникулах и в выходные дни. Исмет очень эмоциональный мальчик. У него добрая улыбка и веселый, заразительный смех. Исмет любознательный мальчик. Мне интересно с ним беседовать. Он очень много знает, много читает и смотрит развивающие мультфильмы и фильмы.

Көпжасар Аслан ученик 3 Ә кл, пән мұғалімі А.Ж.Бейсенбекова

МЕНИҢ СҮЙІКТІ ҰСТАЗЫМ

Ұстаз - деген сөзді түбегейлі терең ой,қол жетпес мағына астарлап жатыр. Әр адамның жүрегінде ұстазға деген көзқарасы әрқилы болады. Мұғалім болудың қаншалықты қиын екендігі туралы ойланып көргенсіздер ме ?! Шәкіртке жақсы ұстаз болу, сапалы білім берудің көптеген ауырпашылықтарына төзу ,б алаға дұрыс жолды нұсқау , адамгершіліктен тайынбай әр балаға түсінушілікпен қарау-нағыз ерлік. Ұстаз - тек қана баланың бойына білім нәрін сіңдіріп қана қоймай, баладан азамат болып өсуіне жол сілтейтін адам. Ең таза әрі шынайы жұмыс –ол, әрине, ұстаздық. Оқытушылар бізге бар білгенін, бар жиғанын аямай үйретіп, өз махаббатымен біздің жүрегімізді жылытып, табиғат үдерісін, заңдарды,ә лем әдебиетін, өмірде дұрыс жол сілтеп, сенім отын жандырғаны үшін ешқандай ақы да, көмек те сұрамайды, міне нағыз ұстаз! Тарихтағы танымал тұлғаларымыз, атақты бабаларымыз - бәрі-бәрі де ұстаз алдынан білім нәрін бойларына сіңіріп, тәлім-тәрбие алған. Қазақтың "Ұстаздан шәкірт озады", "Ұстазы жақсының,ұстамы жақсы" деген халық даналығының түпкі мағынасы, әрине осында. Мұғалімнің мақтанышы, ол оқушысында, өсіріп - баптаған жемісінің нәтижесінде. Әр ұстаз өз оқушысына жүрегінің бір бөлігін қалдырып, сенім мен адамгершілікті, жігер мен қайратты, шыдамдылық пен сабырлықты үйретеді. Ол - оқушыға жаңа өмірдің есігін сілтейтін жаны жылы жан.

Жаңа өмірдің есігін ғана сілтеп қоймай, тәлім-тәрбие мен өнеге берген, жүрегімде маңызды орын алатын ұстаз - Гүлназ Бекетқызы. Қазіргі білім алып жүрген гимназияның табалдырығын аттағандағы қобалжыған сезім жылы жүзді Гүлназ Бекетқызын көрген шақта судай сіңіп кетті. Шын айтсам, Гүлназ мұғалім өте қатал, әрі талаптары жоғары мұғалім болатын, бірақ осы талапқойғыш мінезімен менің жүрегімнен орын алды. Гүлназ мұғалімнің сабағын аса күтіп, ерекше дайындықпен келетінмін. Есіме түсірсем күлкім келеді. Ол мұғалім сабақ берген кезде,о й неткен бейне, неткен шеберлік десеңші, сөйлеген сөзі, айтқан ойы, жазған сөйлемінің өзі - тұнып тұрған шеберлік. Гүлназ ұстаз сөйлеген кезде сынып тыпыр етпейтін, былай қарасаң көптің назарын аудару, сөйлеген сөзіне қызығушылық таныту, бұл да - өнер. Алғашқыда Гүлназ апай маған көп ескертулер жасайтын, бірақ мен ренжіп, мұғалімге өкпелеген емеспін, керісінше талпынып, одан әрі жақсы білім алуға, ізденуге қызығушылық пайда болатын.Тіпті ол кісі сабақ бергенде пын жүректен өз жұмысына махаббатпен беріліп, үйрететін. Апай сабақты түсіндіргендегі менің бойымдағы қызығушылықты сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бір сабағы екінші сабағынан өзгеше, ерекше бір жылулықпен өтетін. Мұғалімнің сабақ берген күндерін жүрегімде сақтап, сол күндерді сағынумен боламын...

Ал мектепсіз мұғалімді қалай елестетуге болады? Мектеп – ең алғашқы сабақ, бақытты сәттер, мұғалім, жастық шақ, алғашқы махаббат. Неткен жылы сәттер, неткен бақытты күндер десеңші. Шіркін, кішкентай кезімізде мектепті қашан бітірсек деп асығумен болатынбыз, есейіп өскелі мектепті сағынып, балалық шақты артқа қайтарғың келетін сәттер әр адамда болған. Мектеп қабырғасындағы жылдары - ең бақытты, ең сезімтал ,ең сәтті жылдардың бірі. Бұл сәттер әр адамның жадында сақталары сөзсіз. Осының бәрін бізге сыйлаған - ұстаз. Әрине сәтсіз шақтар болып тұрады. Бірақ өмірдің өзі ақ пен қарадан тұрады ғой. Сондықтан да ұстаздарды қастерлеп, аялай білейік. Мектеп пен ұстаз - балалық шақтың, жас дәурен кездің, бақытты шақтардың елесі, көрінісі, ескерткіші, қимас естелік.

9Ә сынып оқушысы Башаева Акнұр, пән мұғалімі А.Б.САГАТОВА



Gymnasium news

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН СӨЗ



ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНЫҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫНА

Қарағанды - көмірдің астанасы,
Облыстың орталық бас қаласы.
85 жыл мерейтой құтты болсын!
Тойлап жатыр Сарыарқаның сары даласы,
Кешегі өткен асылдың сынығындай,
Шайқалмаған қайнардың тұнығындай.
Талай қырын самғаған аспаныңда,
Үлгі алған келер ұрпақ жастарыңда.
Жыр тұлпарын тізгіндеп жүгендейік,
Барымызды еске алып түгендейік.
Мекенісің жазушы мен ақындардың,
Мекенісің ғалым мен батырлардың.
Сүйреген Алашымның өрге тасын,
Өр тұлғалы дауылпаз ақын Қасым.
Нүркен, Мартбек ерлерім ел қорғаған,
Ерлер өткен аты аңыз — елді ойлаған.
Тарту болсын 85 жылдығыңа,
Көрсеткенге мың шүкір күнді мына.
Бойлар болсам ақиқат шындығына,
Шындық па әлде тарихтың сұмдығы ма.
Бір ауданның атына бұйырмай жүр,
Алаштың Әлихандай мұңлығына.
Мәселенің айтсақ, жетер кез келгенің,
Ақын айтар ақиқат көз көргенің.
Қарағандым қарыштап дами берші,
Көз көрді көше атының өзгергенін.
Бірақ, бірақ өгей бала тілім тұр ғой,
Мәртебесі ана тіл өзгермедің.
Үміт күтем болашақ күндерімнен,
Қазақ деп ұн қоссандар үндерімнен.
Шер тарқатып жыр айттым марқайғасын,
Бақ берекең қазаның ортаймасын.
Кем тұстарым басқаға байқалмасын,
Алаштың шаңырағы шайқалмасын.

«№92гимназия» тарих пәні мұғалімі
Д.Н. УТЖАНОВ



BALGYN BOIAÝ ShE-



Ахметзәки Амина 3 «А» сынып сынып жетекшісі



"ШЕБЕРЛЕР ҚАЛАШЫҒЫ"

жобасы аясында 5 «Б» сынып
оқушысы Идрисова Айғанымның
шығармашылық жұмыстары қөр-
месі ұйымдастырылды. Көрмеде
оқушының флористика, батик,
живопись, ши, графика, мүсіндеу
техникасымен жасалған
жұмыстары ұсынылды



Абылаева Амина, Торегожина Жамиля 4 «Б» сынып
сынып жетекшісі Н.Т.Жұмабекова



Хайроллаев Ербол, Кеңесбек Нұрислам 3 «Б»
сынып жетекшісі Н.Р.Хамзина



Камзина Дамелия 4 «Б» сынып



«Менің арманым»
Нурпеисова Дария 2 «Ә» сынып
сынып жетекшісі
А.М. Тұңғышбаева




«Ғарышкер болғым келеді»
Тезекбай Ансар 2 «Ә» сынып
сынып жетекшісі А.М. Тұңғышбаева



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ойнайық та, ойлайық!



Зейн-Абыл Даниял, Камзина Дамелия
4 «Б» сынып оқушылары



ӨБЕНОВ БЕКНИЯЗ
«ҮЗДІК ОҚЫРМАН –2019»



ЕКПІН АЙҚЫН
II ОРЫН Республикалық
Фудбол турнирінен



Меншік иесі: №92 ГИМНАЗИЯ»КММ Бас директоры Қ.Т.Сейтимбетова	Бас директордың шығармашыл ық жөніндегі орынбасары Ш.Ө.Алиева	Бас редактор Ф.Д.Абдугалиева Тілшілер Ж.С.Тлеубергенова А. Н.Байғазиева	Көркемдеуші- дизайнер Б.К.Абылкаиров Жауапты хатшы Исмаилова Малика	Корректорлар «Жас Ұлан» мүшелері; 9 «Б» сынып	Мекен - жайымыз Ерубаева 43А e-mail: sch92@kargoo.kz Байланыс телефондары: 8(72-12)47-92-39
--	--	---	--	--	--